**_ЦИКЛОГРАММА_**
**_І апта. Қаңтар 2022ж._**
**_Кіші тобы «Өркен»Шағын орталығы_**

**_Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»_**
**_Тақырыпша:«Айналамыздағы өсімдіктер»_**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу**<br><br>**Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | *Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу* | | | | |
| | ***Картотека № 21***<br>***«Бұл қай мезгіл?***<br>***Мақсаты:*** *қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.* | ***Картотека №16***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | ***Картотека № 22***<br>***«Қыстап қалған құстар?»***<br>***Мақсаты:*** *белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека № 4***<br>***«Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* | ***Картотека №9***<br>***«Жануарларға қамқор боламыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды жануарларға қайырым-дылықпен қарауға тәрбиелеу.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.*** | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>*Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Бақыт толы шеңберге,*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қол ұстасып келдік біз,*<br>*Жан достармыз енді біз* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (ҮК)***<br>*Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.*<br>*Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: (жалаушамен)***<br>***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)*** *солға тербелу.*<br>***«Бағыттаушы»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру, алға созу.*<br>***б)*** *екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу.*<br>***в)*** *екі қолды жанға созу.*<br>***г)*** *б.қ.келу.*<br>***«Ұшамыз, қонамыз»***<br>*Б.қ: тік тұру, қол төменде.*<br>***а)*** *екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.*<br>***ә)*** *бір орында секіріп, қолды жанға созу.* ***б)*** *б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу:*** *«Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын»* | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: «****Ғажайып қыс»*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Табиғат ана. Н. Жанаев****Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту****.*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады*<br>***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>***(Мұз)***<br>*Аппақ етіп айналаны,*<br>*Ақ көбелек айналды;*<br>*Әбден қонып болған соң,*<br>*Жер әлемде жайланды.*<br>***(Қар)***<br>***Жұмбақтың шешуіне байланысты сұрақ – жауап, түсіндіру.***<br><br>***1.Ой қозғау.***<br>***Мнемотехника әдісімен*** | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы: «****Қар қасиетімен танысу»*<br>***Мақсаты:*** *Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету,қардың қасиетімен таныстыру.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:І. Шаттық шеңбері.***<br>***Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»***<br>*Дос болайық, бәріміз,*<br>*Жарасып тұр әніміз.*<br>*Тыныштықты сақтаймыз,*<br>*Атсын күліп таңымыз.*<br>***Таңғажайып сәт.***<br>*Қар Ханшайымының сәлемдемесі.*<br>***Сиқырлы сандықша.***<br>***Сандықша ашылу үшін жұмбақ жасыру.***<br>*Қалбалақтап ұшады.*<br>*Қанаты талып,*<br>*Жерді барып құшады.****(Қар)***<br>*Сандықшадан шыққан тапсырмаларды орындау.*<br>***ІІ. Ой дамыту***<br>***1 тапсырма***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Бұл қай мезгіл?»***<br>*Мнемо кестемен жұмыс*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*- Қыс мезгілі.*<br>*Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?*<br>*- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.*<br>*Қыс мезгілінде қалай киінеміз?*<br>*- Тон, малақай, етік, шалбар,* | ***1.Сенсорика***<br>***Тақырыбы: Үлкен-кіші шыршалар.***<br>***Мақсаты:*** *Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:***<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>*Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөңгеленген шеңберді.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Есік сырты сытырлайды, есікті аша алмай жатқан дыбыс шығады. Педагог есіктен шығып топ бөлмесіне тиін мен шыршаны алып келеді.*<br>***Тиін:*** *Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен орманнан келдім.Орманда мына шырша жалғыз қалыпты. Оның достарын адамдар мерекеге қоямыз деп алып кетіпті. Шыршаға дос керек, ол өте көңілсіз.(шырша бір-біріне жабысып қалған, балалардың жұмысынан кейін арасын ашу)*<br>*Педагог балалар көмектесеміз бе?*<br>***Тиін бізге орманнан қалай келгенін көрсетем диді.***<br>***Сергіту сәті.***<br>*тиіннің балаларға* | ***1. Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы: «Шырша»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Ұйымдастыру кезеңі.*<br>*Балалармен амандасу.*<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»***<br>*Жабырқауды білмейміз,*<br>*Жалқаулықты сүймейміз,*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>***Тосын сәт***<br>*Есік қағылып пошташы келу. Амандасу.*<br>*Сіз кім боласыз?*<br>*- Мен Орман пошташысымын.*<br>*Мені Орман патшасы жіберді. Қолымдағы конверттің ішінде сіздерге арналған тапсырмалар бар.*<br>*Сау болыңдар мен кетіп барамын.*<br>*- Педагог конвертті алып, оқи бастайды.*<br>*- Сәлеметсіздер ме балалар?*<br>*Мен, Орман патшасымын*<br>*Сендерге үш тапсырмам бар. Соны орындауға дайынсыңдар ма?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Бастапқы қалыпқа келу.*<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.<br>2.Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Қасқырмен қояндар» ойыны:***<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Сурет***<br>***Тақырыбы.*** *«Қысқы ағаштар келбеті»*<br>***Мақсаты:*** *. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ:***<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>*«Арайлап таң атты»*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?*<br>*Жаз болса жайнап,*<br>*Саясында ән салып.*<br>*Құстар жүргенсайрап,*<br>*Салқын түссе-шешіліп,*<br>*Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>***1 .Ой қозғау***<br>*Қыс мезгілі және қысқы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.*<br>*- Сұрақ – жауап.*<br>*- Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?* | ***жұмыс.***<br>***Мнемо кесте қыс мезгілін сипаттау.***<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Несімен ұнайды?*<br>*Қандай ойын түрлерін білесіңдер?*<br>***Сергіту сәті. «Қыс»***<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап*<br>***3.Ой дамыту.***<br>***Балаларды пішіндер бойынша топқа бөлу.***<br>***1-топ. Дөңгелек.***<br>*Аққала құрастыру*<br>***2-топ Үшбұрыш***<br>*Шырша құрастыру*<br>***3-Топ төртбұрыш***<br>*Құстарға жессауыт құрастыру.*<br>***Сылдырмақ***<br>*Балаларды шеңберге жинау*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>***Қорытындылау:***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***2.Музыка.***<br>**Тақырыбы:**«Қош келдің Жаңа жыл»<br>**Ән айту:**<br>«Біздің Аяз Ата» | *жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>***2 тапсырма. Ой қозғау***<br>*Қардың қасиетімен таныстыру.*<br>***Педагог жетекшілігмен Тәжірибе жіргізу***<br>*- Қарды ұстап көру, қар туралы әңгіме жүргізу.*<br>*- Қар неге ұқсайды?*<br>*- Қарға ыстық су құяйықшы қар неге айналады?*<br>*- Яғни қар еріп кетеді.*<br>*- Енді балалар мен суды алып мұздатқышқа салып қатырдым су неге айналды?*<br>*- Иа әр түрлі пішінді мұзға айналады.*<br>***Сергіту сәті.*** *«Боран»* ***дауыс***<br>*Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар?Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз (қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гуілдейді.)Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып,аяқтарын топылдатады).-Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды).қайталау.*<br>***3-тапсырма.***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Кім жылдам?»***<br>*Құрастыру, қысқы киімдер.*<br>***Қортынды***<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.* | *орманнан қалай жеткенін айтып береді.*<br>*Орманнан тиін бізге қарай ұзақ жүріпті. (орнында тұрып жүру) шұңқырлардан секіріп өтіпті, міне былай, шыршаны жоғары көтерген, (қолды көтеру) жолдармен жүгіріп, әрең дегенде балабақша балаларына жетіпті.*<br>***ІІІ.Ой қозғау.***<br>***Балаларды 2-топқа бөлу.***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Үлкен-кіші шыршалар»***<br>***1-топ*** *Үлкен А3 форматта салынған орман суретіне үлкен шыршаларды құрастырып орналастыру.*<br><br>***2-топ.*** *Үлкен А3 форматта салынған орман суретінің үстіне кішкентай шырша құрастырып, орналастыру. Тиін балалрдың жұмысын көріп қуанады. (шыршаның арасын ашу)*<br>*Тиінмен қоштасу.*<br>*Сиқырлы шеңбер*<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Қортынды.***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***2.Денешынықтыру***<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. | ***1-тапсырма***<br>*Үлкен кіші шыршаларды айырып жинаңдар*<br>*Үлкен, кіші шырша бойынша балаларды топқа бөлу.*<br>***2-тапсырма***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Шыршаны безендіреміз»***<br>*үлкен шыршаға үлкен ойыншық жасаңдар,кіші шыршаға кішкентай ойыншық жасаңдар*<br>***3-тапсырма***<br>***Шырша туралы тақпақ айтыңдар***<br>*Салтанатты шыршалар*<br>*Тұра қалды бір қатар.*<br>*Әрбір шырша артында*<br>*Жарқырайды ойыншықтар.*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Біздің көрме»***<br>***Сылдырмақ үні***<br>*Балаларды шеңберге жинау.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>***Қортынды. Шапалақ***<br>*Шырша жап-жасыл*<br>***(шапалақ)***<br>*Шыршамыз керемет*<br>***(шапалақ)***<br>*Мен бәрін жасай аламын*<br>***(шапалақ)***<br>*Мен ақылды баламын*<br>***(шапалақ)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *-Атау.*<br>*-Ағаштардың  бізге қандай пайдасы бар?*<br>*-Қазір ағаштар  қандай?*<br>*-Неліктен?*<br>***2.Үлгіні  талдау.***<br>*- Қай мезілдің ағашы?*<br>*-Түсі қандай?*<br>*Неліктен қысқы ағаштар жалаңаш?*<br>***3.  Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту.   Қырыққабат жапырағына бояуды  губкамен жағу.Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.*<br>*Балалардың өз бетінше жұмыс жасауы. Қадағалау, көмектесу.*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын «Біздің көрме»*** *балалардың жұмысын  қортындылау.*<br>***Балаларды  мадақтау.*** | **Ойын:**<br>(педагог жетекшілігімен ойын)<br>«Мысық пен торғайлар»<br>**Қимыл-қозғалыс:**<br>«Аққала» | *Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ  сурет  салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің  беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)***<br>***Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ұоқ аяқтау***<br><br>***2.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (БК)***<br>*Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.*<br>*Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***(жалаушамен)***<br>***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)*** *солға тербелу.*<br>***«Бағыттаушы»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдағы жалаушаларды жоғары көтеру,  алға созу.*<br>***б)*** *екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкелу.*<br>***в)*** *екі қолды жанға созу.Б.Қ.*<br><br>***«Ұшамыз, қонамыз»*** | Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Бқ. Қол белде басты оңға (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Қол иықта, иықты алға (артқа) айналдыру*<br>*БҚ. Қол алда алақан жұмырдыққа түйілген жұмырдықты ішке (сыртқа) айналдыру. Шынтақты айналдыру, қолды  алға (артқа) айналдыру.*<br>*БҚ. Қол белде белді оң (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Қол тізеде тізені ішке (сыртқа) айналдыру*<br>*БҚ. Тізе бірге оңға (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен орнында секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Алға қарай ұмтыла* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Б.қ: тік тұру, қол төменде.*<br>***а)*** *екі қолдағы жалаушаны кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.*<br>***ә)*** *бір орында секіріп, қолды жанға созу.* ***б)*** *б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу:*** *«Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын»*<br>*Бастапқы қалыпқа келу****.***<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.*<br>*2.Жиектері шектелген тура жолақпен жүру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Қасқырмен қояндар» ойыны:***<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | *затқа дейін екі аяқтап секіру.*<br>*2.Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Түсті автокөліктер»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан бітіндеп шығарып,киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 15***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.Мақсаты:*** *Қыстаөсімдіктер-дің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.* | ***Картотека № 6***<br>***Айналадағы адамның қысқы еңбегі.Мақсаты:*** *Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегінтүсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру.* | ***Картотека № 7***<br>***Аязды күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.* | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болужолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.* | ***Картотека № 9***<br>***Қырауды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.* |
| | ***ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ.*** *( картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека №1***<br>***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»***<br>*Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы*<br>*бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.* | ***Картотека №3***<br>***«Затты сипаттау»***<br>***Мақсаты:***<br>*Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту,*<br>*сөздік қорын байыту.* | ***Картотека №6***<br>***«Сиқырлы қапшық»***<br>*Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.* | ***Картотека №9***<br>***«Үлкен-кіші»***<br>*Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды*<br>*көлеміне қарай айыра білуге үйрету.* | ***Картотека № 19***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін*<br>*атауға, ажыратуға үйрету.* |
| | ***ҚАТЫНАС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 15***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қыстаөсімдіктер-дің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.* ***Картотека қосымша тігілген*** | ***Картотека № 6***<br>***Айналадағы адамның қысқы еңбегі.***<br>***Мақсаты:*** *Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру.****Картотека қосымша тігілген*** | ***Картотека № 7***<br>***Аязды күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.*<br>***Картотека қосымша тігілген*** | ***Картотека № 19***<br>***Мұздақты бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Мұздақтың пайда болу жолынтүсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.*<br>***Картотека қосымша тігілген*** | ***Картотека № 9***<br>***Қырауды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалып-тастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.*<br>***Картотека қосымша тігілген*** |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу* | *Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру* |

***ЦИКЛОГРАММА***
***II апт. Қаңтар 2022ж.***
***Кіші тобы***

***Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»***

***Тақырыпша: «Жануарлар әлемі»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>**Ата-аналармен жұмыс:**<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Педагог жетекшілігімен ойын.<br>***Картотека № 22***<br>***«Алақай, қыс келді»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстары туралы түсіндіру.* | Құрылымдалған ойын.<br>***Картотека №3***<br>***«Шыршаны безендір»***<br>***Мақсаты:*** *Заттың түсің ажырата білу, тәрбиеші сұрағын дұрыс түсіне білу. Геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін кеңейту.* | Педагог жетекшілігімен ойын.<br>***Картотека № 21***<br>***"Аққала" дидактикалық ойыны.***<br>*Мақсаты: Геометриялық пішіндерден аққала құрастыра білу. Аққаланың бөліктеріндегі пішіндерді атау* | Құрылымдалған ойын.<br>***Картотека №16***<br>***Айырмашылығын тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету;* | Құрылымдалған ойын.<br>***Картотека №17***<br>***«Үйлерге орналастыр»***<br>*Мақсаты: Балаларда түстер туралы түсінік қалыптастыру. Оларды салыстырып, сәйкестендіруге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.* |
| | ***ТАНЫМ САЛАСЫ СЕНСОРИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын- жаттығу :****Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз.*<br>*«Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру .* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау*<br>***Бақыт толы шеңберге,***<br>***Шаттық толы шеңберге,***<br>***Қол ұстасып келдік біз,***<br>***Жан достармыз енді біз*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі** | ***1. Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (БК)***<br>*Алға қарай ұмтыла затқа дейін* | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі)*** | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның*** | ***1.К Құрастыру***<br>***Тақырыбы: «Күшік»***<br>***Мақсаты:*** *Дьенеш* | ***Музыка***<br>**Тақырыбы:**«Қош келдің Жаңа жыл» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | *екі аяқтап секіру.*<br>*Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Бқ. Қол белде басты оңға (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Қол иықта, иықты алға (артқа) айналдыру*<br>*БҚ. Қол алда алақан жұмырдыққа түйілген жұмырдықты ішке (сыртқа) айналдыру. Шынтақты айналдыру, қолды алға (артқа) айналдыру.*<br>*БҚ. Қол белде белді оң (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Қол тізеде тізені ішке (сыртқа) айналдыру*<br>*БҚ. Тізе бірге оңға (солға) айналдыру*<br>*БҚ. Оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен орнында секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру.*<br>*2.Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.* | ***Мақсаты:*** *Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету.*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Үйін тап»*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Психологиялық дайындық***<br>*Күн шуағын жинаймын.*<br>*Достарыма сыйлаймын.*<br>*Қызығушылықты ояту*<br>*Тосын сәт.*<br>*Ертегілер әлемінен үш түрлі ковертпен хат келу.*<br>***1-ші қызыл конверт ашу.***<br>***ІІ. Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру.***<br>*Өзі қу, жүрген жері айқай да шу* ***(түлкі)***<br>*-Көзі тостақ, өзі қорқақ.* ***(қоян)***<br>*Жұмбақтың шешуін түсіндіру.*<br>*-түлкі жыртқыш аң, ал қоян жыртқыш емес.*<br>*-Қоян өте қорқақ аң, оны үйде асырауға да болады.*<br>***2-ші сары конверт тапсырмасы***<br>*«Түлкі мен қоян» ертегісімен таныстыру.*<br>***АКТ технологиясымен жұмыс. Түлкі мен Қоян***<br>*Ерте, ерте, ертеде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп оның iнiне түсiптi. Түлкі болса iнiнiң екiншi тесігінен шығып кетiптi. Шығып кетпесе қасқыр түлкiнi жеп қояр едi.* | ***төлдері»***<br>***Мақсаты****: Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>*"Кел,балалар күлейік" Ө.Тұрманжанов.*<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***ІІ. Қызығушылықтарын ояту***<br>***Педагог жетекшілігімен ойын: «Даусынан ажырат»***<br>***Мақсаты.*** *Жануарлардың дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып алдарындағы суреттен көрсетеді .*<br>***2. Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Неге оларды үй жануарлары деп атаймыз?*<br>*-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?*<br>*- Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?*<br>*-Олардың төлдерін қалай атаймыз?*<br>***2.К Ой дамыту***<br>***Төлдерін атау.***<br>***-Түйе төлі-ботақан,***<br>*Мөлдіреп көзі ойнаған.*<br>***-Қойдың төлі-қошақан,*** | *блоктары арқылы конс-трукторлардан күшік бейнесін құрастыру*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Шаттық шеңберін жасау***<br>*Қәне, қәне тұрамыз,*<br>*Үлкен шеңбер құрамыз.*<br>*Қоян болып секіріп,*<br>*Орнымызды табамыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту. Тосын сәт***<br>*Қыңсылаған дыбыс шығады. Есікті ашу, кішкентай күшік келуі.*<br>***ІІІ. Ой қозғау.***<br>*- Балалар, бұл не?*<br>*Бұл кішкентай күшік.*<br>*-Күшік қандай?*<br>*-әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, табандарыда жұмсақ.*<br>***Күшікке ат қою. Ақтөс***<br>*- балалар бұл күшік достарынан адасып шығып кеткен, тоңып қалыпты.*<br>*Көмектесеміз бе?*<br>***Сергіту сәті***<br>*Күшік ашуланса қайтеді?*<br>*Бірдеңені сезіп қалса не істейді?*<br>*Қатты жүгіргенде қайтеді?*<br>*Күшік қалай демалып жатады?*<br>***Ой дамыту.*** | **Ән айту:**<br>«Біздің Аяз Ата»<br>**Ойын:**<br>(педагог жетекшілігімен ойын)<br>«Мысық пен торғайлар»<br>**Қимыл-қозғалыс:**<br>«Аққала» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қимылды ойын:***<br>*«Түсті автокөліктер»*<br>*Ойын шартын түсіндіру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***2.Сурет.***<br>***Тақырыбы: Қардағы іздер***<br>***Мақсаты:*** *Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру.*<br>***Ресурстар:*** *Ақ қағаз, гуаш, Губка, қақпақ (балаларға сурет сабағында су құйып пайдалануға арналған ыдыс қақпағы)*<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысың Алтын күн*<br>*Армысың көк аспан,*<br>*Армысың,қайырымды Жер Ана*<br>*Армысың менің достарым!*<br><br>***Ой қозғау***<br>*АҚТ технологиясымен жұмыс*<br>*Балаларға қысқы аңдардың іздерін көрсету, түсіндіру.*<br>*-Қыста жердің беті қандай болады?*<br>*-Біз мына жерде ненің іздерін көрдіңдер?*<br>*Түлкі, қоян, қасқыр*<br>*-Неліктен олардың ізін анық көріп тұрмыз?*<br>***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.***<br>***-****Губкаға қара бояу құйып қою*<br>*-Қақпақты губкадағы бояуға* | *Сөйтіп түлкі орманда қайғырып келе жатса ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Содан түлкі жүгіріп барып қоянды ұстап алыпты. Қоян корыққанынан түлкішек мені жібере салшы мен саған құйрығымды сыйлайын депті. Міне содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал ал қоянның құйрығы қысқа екен.*<br>***3-ші көк коверт тапсырмасы***<br>***Түлкі мен Қоянға сипаттама беріңдер.***<br>*Түлкі қандай?*<br>*-Түлкінің терісі қандай? (үлпілдек, жұмсақ)*<br>*-Түлкінің баласын қалай атайды? (жәутік) екен.*<br>*-Ал, Қоян қандай?*<br>*-Неге Қоянның терісі қыста ақ болады?*<br>*-Балалар, қоян қалай дыбыстайды? (шыңғырады)*<br>*-Қоянның баласын қалай айтамыз? көжек*<br>***4- жасыл коверт тапсырмасы***<br>***Педагог жетекшілігімен***<br>***Ойын: «Қандай жануар?»***<br>*Ойынға конверт дайындалады. Конверттің ортасы дөңгеленіп қиылған. Жануарлардың суреті конвертке салынады. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүше-лері арқылы қандай жануар екенін табады.*<br>***Қортынды.*** | *Өріске қашқан қорадан.*<br>***-Ешкінің төлі-лақ,***<br>*Тыныш тұрмайды ол бірақ.*<br>***-Жылқының төлі-құлыншақ,***<br>*Тұяғы жерге ұрыншақ.*<br>***-Сиырдың төлі-бұзау.***<br>*Сүйкімді әрі асау.*<br>***Құрлымдалған ойын: « Адасқан төлдер»***<br>***Мақсаты :*** *балаларға жануарлардың суреті тартылып беріледі. Ортаға төлдердің суреті қойылады. Сылдырмақ үні*<br>*Шеңберге жиналу.*<br>***Ой бөлісу сәті***<br>*Балалар,біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік?*<br>*Ал,үй жануарларына нелер жатады?*<br>***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Денешынықтыру (ҮК)***<br>***Мақсаты: (ҮК)***<br>*Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру.*<br>*Доптарды бір-біріне домалату.*<br>***Балалармен амандасу.***<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>*4 қатарға сапқа отыру.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:*** | ***Күшікке көмек***<br>*Мен Ақтөстің достарын суретке түсіріп алғанмын соған қарап отырып, достарын жасап берейік.* ***Дьенеш блоктарымен жұмыс.***<br>*Күшік жасау үшін қандай пішіндер қолданамыз?*<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Күшіктің достары»***<br>*Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.*<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>***Өлеңін оқу: «Күшігім»***<br>*Күшігім менің үріп тұр*<br>*Бір нәрсені сезіп тұр*<br>*Есікті ашып қарасам*<br>*Достары оның келіп тұр.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Бізге не келді?*<br>*Күшікке не жасадық?*<br>*Күшікке қандай ат қойдық?*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Денешынықтыру(БК)***<br>***Мақсаты: (БК)***<br>*Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру.*<br>*Доптарды бір-біріне домалату*<br>***Балалармен амандасу.***<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *батыру арқылы, дайын ақ қағаз бетіне бастыру арқылы із шығару.*<br>*Балалрдың өз бетінше жұмысы*<br>***Балаларды бақылау, көмек беру.***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Біздің көрме»***<br>*Балалардың жұмысына баға беру.*<br>***Қортынды.Сұрақ-жауап***<br>*Қандай сурет салдық?*<br>*Неліктен іздер қыста анық көрінеді?*<br>*Сурет салған ұнады ма?*<br>*Балаларды мадақтау.* | *Сұрақ-жауап*<br>*Балалрды мадақтау.*<br><br>***2.Музыка.***<br>**Тақырыбы:**«Қыс қызығы»<br>***Ән айту:***<br>«Қыс»<br>**Ойын:**(педагог жетекшілігімен ойын)<br>«Мысық пен Торғайлар»<br>**Қимыл-қозғалыс:**<br>«Барбарики әніне қимыл-қозғалыс» | ***Доппен жаттығу***<br>*1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br>*2.Допты екі қолмен алға ұстау. Допты оң аяқ пен сол аяққа домалату.Бастапқы қалып.*<br>*3.Допты екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею..*<br>*4.Тіземен отыру.*<br>*Допты оңға, солға өзін айналдыру.*<br>*5. Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.*<br>*Тыныс алу*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Үлкен допты доға астынан домалату*<br>*2. Кішкене доптарды шелекке дәл лақтыру арқылы салу*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Тауық пен балапандар»*<br>*Балаларды мадақтау.* | *4 қатарға сапқа отыру.*<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***Доппен жаттығу***<br>*1.Аяқты алшақ қою, доп төменде, допты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br>*2.Допты екі қолмен алға ұстау. Допты оң аяқ пен сол аяққа домалату.Бастапқы қалып.*<br>*3.Допты екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею..*<br>*4.Тіземен отыру.*<br>*Допты оңға, солға өзін айналдыру.*<br>*5. Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.*<br>*Тыныс алу*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Үлкен допты доға астынан домалату*<br>*2. Кішкене доптарды шелекке дәл лақтыру арқылы салу*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Тауық пен балапандар»*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| **Серуенге дайындық** | ***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:** | ***Картотека № 4*** <br> ***Қырауды бақылау.*** <br> ***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.* | ***Картотека № 8*** <br> ***Мұзды бақылау.Мақсаты:*** <br> *Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.* | ***Картотека № 7*** <br> ***Аязды күнді бақылау.*** <br> ***Мақсаты:*** *Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.* | ***Картотека № 18*** <br> ***Аяздың терезеге салған суретін бақылау.*** <br> *Мақсаты: Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру* | ***Картотека № 10*** <br> ***Шыршаны бақылау.*** <br> ***Мақсаты:*** <br> *Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.* |
| | ***Қыс мезгілінің серуен картотекасынан. Картотека қосымша тігілген.*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | ***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Қар ұстап, су болған киімдерін кептіруге беруді ескерту. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| **Түскі ас** | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ.*** *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ұйқы** | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№131.Ояну*** <br> *Ұйқымызды ашайық* <br> *Қолымызды созайық* <br> *Енді қане бәріміз,* <br> *Жаттығуды жасайық.* | ***№ 121. Ояну*** <br> *Күнге қарап күлімдеп* <br> *Көзімізді ашамыз* <br> *Бойды түзе, көтер басты* <br> *Сергіп ұйқы ашамыз* | ***№ 31. Ояну*** <br> *Көзімізді ашайық* <br> *Бойымызды жазайық* <br> *Қолмен көзді ұқалап* <br> *Созылып бір алайық.* | ***№51. Ояну*** <br> *Оянайық балалар* <br> *Маған тезірек қарандар* <br> *Шапалақты ұрайық* <br> *Орнымыздан тұрайық.* | ***№61. Ояну*** <br> *Балалар тұрайық* <br> *Көзімізді ашайық* <br> *Қолымызды созып* <br> *Шынығып бір алайық.* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасынасәйкес жекежұмыс** | ***Картотека №16*** <br> ***«Суретші қай жерде қателесті?»Мақсаты:*** <br> *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* | ***Картотека № 3*** <br> ***«Құстар біздің досымыз»*** <br> ***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* | ***Картотека №5*** <br> ***«Өзім және отбасым»*** <br> ***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.* | ***Картотека № 2*** <br> ***«Балабақша»*** <br> ***Мақсаты:*** *балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.* | ***Картотека № 4*** <br> ***«Бұны қай кезде киеді?»*** <br> ***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* |
| | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | ***Картотека № 4***<br>***Қырауды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.* | ***Картотека № 8***<br>***Мұзды бақылау.Мақсаты:*** *Мұзды көрсете отыра сипат-тау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатын-дығы жөнінде түсінік беру.* | ***Картотека № 7***<br>***Аязды күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.* | ***Картотека № 18***<br>***Аяздың терезеге салған суретін бақылау.***<br>*Мақсаты: Балаларға қыс-та, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру* | ***Картотека № 10***<br>***Шыршаны бақылау.***<br>***Мақсаты:***<br>*Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.* |
| | ***ҚЫС СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)* | *Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.* | *Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру* |

**ЦИКЛОГРАММА**
**ІІІ апта. Қаңтар 2022ж**
**Кіші тобы**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

**Тақырыпша: «Құстар-біздің досымыз»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.* | | | | |
| | ***Картотека №5***<br>***«Өзім және отбасым»*** | ***Картотека № 3***<br>***«Құстар біздің досымыз»*** | ***Картотека № 7***<br>***«Гүлдерді күтеміз»*** | ***Картотека № 9***<br>***«Дұрыс көрсет, ажырат»*** | ***Картотека № 11***<br>***«Бізге күз не әкелді?»*** |
